

**Түркістан облысының білім басқармасының
Сайрам ауданының білім бөлімінің
«Аяла» санаторлық бөбекжайы» КММ-сі**

БҮЙРЫҚ № 33

Ақсу ауылы

2024 жылғы 29 тамыз

**Консультациялық пункт жұмысын
ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы мен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің 48-51 тармақтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 118 тармағын орындау мақсатында **БҮЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылында балалары балабақшамен қамтылмаған ата-аналарға арналған консультациялық пункт жұмысы ұйымдастырылсын.
2. Бекітілсін:
 - 2.1. Консультациялық пунктте жұмыс жасайтын жауапты мамандар тізбесі (қосымша1)
 - 2.2. Консультациялық пункттің жұмыс кестесі (қосымша2);
 - 2.3. Консультациялық пункттің жұмыс жоспары (қосымша3);
 - 2.4. Консультациялық пунктте өткізілген іс-шараларды сайтқа (желіге) жүктейтін, жариялайтын маман (қосымша4).
3. Консультациялық пункттің жұмысын ұйымдастыру және жүргізу 1-қосымшада бекітілген мамандарға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау және қадағалау санаторлық бөбекжай әдіскері Н. Манибаеваға жүктелсін

Негізі: Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасының 118 тармағы

**Санаторлық бөбекжай
директоры**



А.О. Өмірзақ
А.О. Өмірзақ